

«Айгөлек» МДБМ КМҚК

№1 Хаттама

Өндірістік кеңес отырысы

Тақырыбы: «Әдеп кодексі мен Қазақстан Республикасының Заңдарын түсіндіру және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы».

11.09.2020 жыл.

Төрайым: В.Ю. Бажбенова

Хатшы: Қ.А. Аманбаева

Қатысқаны: 45 адам

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің кәсіптік әдеп кодексінің бөлімдерімен таныстыру.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі түсіндіру жұмыстары

ТЫҢДАЛДЫ: Бажбенов В.Ю., ол Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес Халықаралық Еңбек Ұйымының, Жарғының және басқа ішкі құжаттардың талаптарын ескере отырып, педагогикалық әдеп кодексі жасалғанын айтты. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне арналған Кәсіби әдеп кодексінің негізгі ережелерімен таныстырды. Ол комиссия мүшелерінің осы құжатқа қатысты сұрақтарына жауап берді. Ол педагогикалық этиканың негізгі нормаларына егжей-тегжейлі тоқталды, оны педагогикалық қызметкерлер өз қызметінде, сондай-ақ әріптестерімен қарым-қатынаста басшылыққа алуы керектігін айтты. Сонымен қоса педагогикалық этиканың негізгі қағидаларын түсіндірді: сыйластық, адалдық, өзара көмек, сенім және кәсіби дамудың үздіксіздігі. Ол осы құжатты қабылдап, оны мектепке дейінгі мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі нормативтік құжаттар базасына енгізуді ұсынды. Бажбенова В.Ю. қатысып отырған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі бағыттарымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының ережелері туралы еске салды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді - кіру ақысының кез-келген нысанын жүзеге асыруға және ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым салу. Семинар барысында ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдылықтың принциптерін, адал, әділ, қарапайым болуды, әріптестерімен қарым-қатынас кезінде жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауды, сыпайы және дұрыс болуды атап өтті. Ол ата-аналық стендтер арқылы ақпарат беру, білім беру ұйымының сайтына, онлайн режимінде материалдар орналастыру арқылы мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихаттың қажеттілігіне назар аударды.

Сөз соңында Бажбенова В.Ю. мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі А.С.Жұмабаеваны этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл қызметіне ұсынды. Директор Бажбенова В.Ю. семинардың жоғары деңгейде өткендігін атап өтті, іс-шараға қатысушылардың барлық сұрақтарына жауап берді

**ШЕШІМІ:**

1. Мектепке дейінгі қызметкерлердің кәсіптік әдеп кодексін қабылдау
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша ата-аналар қауымдастығы арасында тәрбие жұмысын күшейту
3. А.С.Жұмабаеваның кандидатурасы қабылданып, «Айгөлек» этика және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілін тағайындау

Төрайымы:  
Хатшы:



Бажбенова В.Ю  
Аманбаева К.А.